

“Оқитын ұлтты қайта көтеру” халықаралық конференциясы
төраға Олжас Сүлейменовтың атына

Бүгінгі күн үшін аса қажетті халықаралық ұланғайыр конференцияның жұмысына рухани нәтижелі жұмыс тілеймін! Игілікті істің мен үшін тағы бір мәнісі – Олжас ағамның екі дүркін ауыр қасіреттен оңалып, бүкіл түрік қауымының қоғамдық өміріне қайтадан белсене араласуы.

Мен үшін Олжас Сүлейменов студент кезімде оқыған алғашқы “Қыпшақ жырларынан” бастап қазақ халқының ғажайып ұлы ақыны ретінде ардақталып келеді. Олжастың қазақ әдебиеті мен мәдениетін көтеру жолында атқарған жекелей қызметі өз алдына, осы саладағы ұлттық қайраткерлерді қолдауы және мүмкіндігінше жағдай жасауы жалпы жұртқа белгілі. Өз тарабымнен мен де дарқан тұлғаның шарапатын көп көрдім және қашанда ризашылық алғысым шексіз. Биылғы 2024 жылы Алматыда 26-томдық Толық жинағым жарыққа шығып, кітап дүкендеріне түсті, осы топтаманың ішінде Олжас ағам туралы бұрнада жазылған арнайы мақала және соңғы 10 жыл орайында әр тараптан айтылған каншама лепесім бар.

Олжас Сүлейменов тек мен үшін ғана емес, бергісі – бүткіл қазақ халқы үшін, тұтастай алғанда – түрік әлемі үшін ұлы ақын, қайтпас қайраткер болып қала бермек. Қазір аз-маз сырқаттанып, түбегейлі ем-дом алып жүрмін, сондықтан жүдеу бет-жүзімді алға тартпай, бар сәлемімді жазба түрде жолдап отырмын.

Бәріңіз де аман-сау болыңыздар!

Мұхтар Мағауин
Силвер Спринг, Мэриленд, АҚШ, 1.12.2024